



БЕКІТІЛДІ
«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «02» наурыздағы
шешімі (№ 03/26 хаттама)

«Самұрық-Энерго» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық

Құжат иесі	«Комплаенс» қызметі
Редакция	1
Жыл	2026

Астана қ.

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	3
2. Терминдер мен қысқартулар	3
3. Заңсыз сыйақы (пара) ұсынған немесе бопсалаған жағдайда қызметкерлер мен лауазымды адамдардың іс-қимыл алгоритмі	4
4. Заңсыз сыйақы (пара) ұсыну немесе бопсалау фактісі орын алған жағдайдағы қызметкерлер мен лауазымды адамдардың іс-қимыл алгоритмі	6
5. Сыбайлас жемқорлық жағдайындағы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі.....	7
6. Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын бұзуға әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын тапсырмалар алынған жағдайда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің әрекет ету алгоритмі	8

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Самұрық-Энерго» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері үшін Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықтың қолданылуы Қоғамның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100%-ы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі еншілес және тәуелді ұйымдарға (бұдан әрі – ЕТҰ) таралады. Дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) Қоғамға меншік құқығында тиесілілігі 100%-дан кем болатын ЕТҰ-ға осы Нұсқаулықты қолдану аталған ЕТҰ-ның басқару органдарымен келісіледі және бекітіледі.

3. Нұсқаулық атқаратын лауазымына қарамастан, Қоғамның және ЕТҰ-ның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

4. Осы Нұсқаулықта Қоғамның және ЕТҰ-ның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері үшін әртүрлі сыбайлас жемқорлық жағдайлары туындаған кезде әрекет ету алгоритмі сипатталған.

2. Терминдер мен қысқартулар

Термин/қысқарту	Анықтама
Пайда	Қызметкер (лауазымды адам) жеке өзі не лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты үшінші тұлғалар арқылы алатын мүліктік және (немесе) мүліктік емес игіліктер, артықшылықтар немесе қызметтер
Лауазымды тұлға	Қоғамның/ЕТҰ-ның басқару органдарының мүшелері, жалғыз немесе алқалы атқарушы органы, сондай-ақ Қоғамдағы/ЕТҰ-дағы басқару функцияларын орындайтын тұлға
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Қоғам	«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқару органы	Қоғамның жалғыз акционері, ЕТҰ-ның жалғыз акционері/жалғыз қатысушысы; акционерлердің жалпы жиналысы/ЕТҰ қатысушыларының жалпы жиналысы

5. Нұсқаулықта қолданылатын, бірақ анықтамасы берілмеген ұйғарымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарында пайдаланылатын ұйғарымдарға сәйкес келеді.

3. Заңсыз сыйақы (пара) ұсынған немесе бопсалаған жағдайда қызметкерлер мен лауазымды адамдардың іс-қимыл алгоритмі

6. Заңсыз сыйақы (пара) алу, беру жөніндегі әрекеттер және өзге де құқыққа қайшы іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің және Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің қолданылу аясына жатады.

7. Заңсыз сыйақы (пара) алу ауыр қылмыстарға жатады, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалаумен бірге жүрсе, бұл лауазымды адамның немесе қызметкердің заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алуы түрінде көрініс табады.

8. Заңсыз сыйақы (пара) беру – лауазымды тұлғаны не жұмыскерді заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға, не пара берушінің пайдасына қандай да бір артықшылықтар беруге немесе алуға, оның ішінде қызмет бойынша жалпы қамқорлық көрсету немесе жол беру үшін көндіруге бағытталған қылмыс болып табылады.

9. Парақорлықтағы делдалдық, яғни пара алушы мен пара берушінің арасында пара алу мен беру туралы келісімді іске асыруға қол жеткізуіне жәрдемдесу.

10. Заңсыз сыйақы (пара) ретінде мыналар танылуы мүмкін:

а. заттар – кез келген жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік: пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және өзге де жылжымайтын мүлік; ақша, банк чектері мен бағалы қағаздар, асыл металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, азық-түлік өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық техника және басқа да тауарлар;

б. қызметтер мен жеңілдіктер – емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық пен басқа да шығыстарды тегін немесе төмендетілген бағамен төлеу;

с. заңсыз сыйақының (параның) бүркемеленген (жасырын) нысаны – банктік қарызды қарыз ретінде немесе жоқ қарызды өтеу түрінде рәсімдеу, төмендетілген бағамен сатып алынған тауарлардың ақысын төлеу, тауарларды көтеріңкі бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеумен жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдетілген несие алу, лекциялар, мақалалар мен кітаптар үшін гонорарларды негізсіз арттыру, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысын төмендету, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені ұлғайту және т.б.;

д. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақша, бағалы қағаздар және өзге де мүлікпен қатар, заңсыз сыйақының (параның) және коммерциялық пара берудің нысанасы ретінде мүліктік сипаттағы, ақысыз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын игіліктер де болуы мүмкін.

11. Кейбір сөздер, тіркестер мен ым-ишаралар айналадағылар тарапынан заңсыз сыйақы (пара) беруді сұрау (ишара) ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай

тіркестерге, мысалы, «Мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін», «Келісуге болады» және т.б. жатады.

12. Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе пайдасы лауазымды тұлғаның немесе Қоғам/ЕТҰ жұмыскерінің шешімдері мен әрекеттеріне байланысты болатын тұлғалармен белгілі бір тақырыптарды талқылау да заңсыз сыйақы (пара) беруді сұрау ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай тақырыптарға, мысалы, мыналар жатады:

a. жалақының төмен деңгейі және белгілі бір қажеттіліктерді іске асыру үшін қаражаттың жетіспеушілігі;

b. қандай да бір мүлікті сатып алу, белгілі бір қызметті алу, туристік сапарға шығу ниеті;

c. лауазымды тұлғаның және (немесе) жұмыскердің туыстарының жұмыссыз болуы;

d. лауазымды тұлғаның және (немесе) жұмыскердің балаларының білім беру ұйымдарына түсу қажеттілігі.

13. Қоғам/ЕТҰ лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері тарапынан кейбір ұсыныстар, әсіресе олар пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты ұйымдардың өкілдері мен азаматтарға бағытталған жағдайда, заңсыз сыйақы (пара) беруді сұрау ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай жағдай, тіпті мұндай ұсыныстар игі ниеттен туындап, ол тұлғаның жеке пайдасымен ешқандай байланысы болмаса да орын алуы мүмкін. Мұндай ұсыныстарға, мысалы, мыналар жатады:

a. Қоғам/ЕТҰ лауазымды тұлғасына немесе жұмыскеріне және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру туралы ұсыныс;

b. анықталған бұзушылықтарды жою, шарттық қатынастар шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау және басқа да мәселелер үшін белгілі бір компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалануды ұсыну.

14. Заңсыз сыйақы (пара) ұсынудың кейбір жанама белгілері:

a. ықтимал заңсыз сыйақы (пара) туралы әңгіме астарлы сипатта болады, пара берушінің сөзі бір буынды сөйлемдерден тұрады және даулы мәселені оң шешкен жағдайда ақша беретінін немесе қандай да бір қызмет көрсететінін ашық айтпайды, қауіпті сөз тіркестері қолданылмайды;

b. әңгіме барысында пара беруші куәлар немесе аудио-бейнежазба құралдары болған жағдайда ым-ишара немесе бет әлпеті арқылы бұл мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) талқылауға дайын екенін білдіреді;

c. заңсыз сыйақының (параның) сомасы немесе сипаты айтылмайды, бірақ тиісті сандар қағазға жазылып, калькуляторда немесе компьютерде теріліп, ықтимал пара алушыға көрсетілуі мүмкін;

d. пара беруші әңгімелесуді кенеттен тоқтатып, сылтау айтып бөлмеден шығып кетуі мүмкін, бұл ретте құжаттар салынған папканы, конвертті, портфельді немесе түйіншекті қалдыруы мүмкін;

е. пара беруші байланысты жалғастыруды мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ үшінші тұлғаға бағыттауы мүмкін.

15. Заңсыз сыйақы (пара) ұсыну немесе бопсалау жағдайында:

а. барынша сақтықпен, сыпайы түрде, жалтақтамай әрекет ету, пара беруші тарапынан заңсыз сыйақыны (параны) қабылдауға (беруге) дайындық ретінде түсіндірілуі мүмкін асығыс сөздерге жол бермеу;

б. ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, нақты есте сақтау (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы мен қызметтердің сипаты, заңсыз сыйақыны (параны) беру мерзімдері мен тәсілдері, пара беру нысаны, мәселелерді шешу кезектілігі);

с. мүмкін болған жағдайда және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтай отырып, заңсыз сыйақы (пара) ұсыну немесе бопсалау фактісін тіркеу;

д. заңсыз сыйақы (пара) ұсыну, бопсалау немесе өзге де құқыққа қайшы әрекет туралы белгілі болған факті бойынша жоғары тұрған басшылыққа және Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына, не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға (1424 Call-орталығы арқылы да мүмкін) хабарлау қажет.

16. Тауар/жұмыс/қызмет жеткізушілерінің, басқа ұйымдардың жұмыскерлерінің, Қоғам/ЕТҰ лауазымды тұлғаларының немесе жұмыскерлерінің тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау мақсатында қызметті жүзеге асыру кезінде келушілер тіркелетін қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфельдер, сөмкелер және басқа да заттар) қараусыз қалдырмау қажет. Егер келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттардың арасынан қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетінше ешқандай әрекет жасамай, бұл туралы дереу тікелей басшыға немесе Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына және Қоғам/ЕТҰ қауіпсіздігіне жауапты құрылымдық бөлімшеге хабарлау қажет.

4. Заңсыз сыйақы (пара) ұсыну немесе бопсалау фактісі орын алған жағдайдағы қызметкерлер мен лауазымды адамдардың іс-қимыл алгоритмі

17. Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды тұлғасына немесе қызметкеріне заңсыз сыйақы (пара) ұсыну немесе заңсыз сыйақы (пара) талап ету фактісі орын алған жағдайда, ол дереу Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға (1424 Call-орталығы арқылы да болуы мүмкін) жүгінуге міндетті.

18. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлаудың бір нысаны анонимді өтініш болып табылады. Алайда бұл жағдайда өтініш беруші анонимділігіне байланысты жауап ала алмайды, ал анонимді өтініштің өзі қылмыстық іс қозғауға негіз болып табылмайды. Дегенмен, өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болған жағдайда, Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге негіз бола алады.

19. Лауазымды тұлғаға немесе Қоғамның/ЕТҰ-ның қызметкеріне заңсыз сыйақы (пара) ұсыну немесе талап ету фактісі бойынша жазбаша өтінішті рәсімдеу кезінде төмендегілер нақты көрсетілуі қажет:

a. кім (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ұйымның атауы) Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды тұлғасына немесе қызметкеріне заңсыз сыйақы (пара) ұсынады (талап етеді) немесе коммерциялық құрылымдардың қандай өкілі лауазымды тұлғаны не Қоғамның/ЕТҰ-ның қызметкерін құқыққа қарсы әрекеттер жасауға итермелейді;

b. талап етіліп отырған заңсыз сыйақының (параның) сомасы мен сипаты;

c. қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін заңсыз сыйақы (пара) ұсынылатыны (талап етілетіні) немесе берілетіні;

d. заңсыз сыйақыны (параны) тікелей беру қай уақытта, қай жерде және қандай тәсілмен жүзеге асырылуы тиіс екендігі.

20. Жазбаша өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жолдануы тиіс және бұдан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның немесе Қоғамның «Комплаенс» қызметінің/ЕТҰ-ның комплаенс функциясының нұсқауларына сәйкес әрекет ету қажет.

21. Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды тұлғалары және (немесе) қызметкерлері мүмкіндігінше өз уәждері бойынша дәлелдемелік базаны (куәлар, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы және т.б.) ұсынады және материалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға және жоғары тұрған басшылыққа сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар туындаған кездегі әрекет ету алгоритміне сәйкес тапсырады.

5. Сыбайлас жемқорлық жағдайындағы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

22. Қоғамның/ЕТҰ-ның бекітілген штаттық құрылымына сәйкес, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар анықталған және (немесе) сыбайлас жемқорлық белгілері бар жағдайларға тап болған кезде әрекет етуінің төмендегідей алгоритмі белгіленеді.

23. Хабарлау 1 (бір) жұмыс күні ішінде келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

a. қызметкерлер тікелей басшысына және Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына, оның ішінде бастамашылық хабарлау арналары арқылы хабарлайды;

b. құрылымдық бөлімшелердің басшылары жоғары тұрған басшыға не жетекшілік ететін Басқарма мүшесіне және Қоғамның «Комплаенс» қызметіне /ЕТҰ-ның комплаенс функциясына хабарлайды;

с. жетекшілік ететін басшылар – Қоғамның/ЕТҰ-ның Басқарма мүшелері Қоғамның/ЕТҰ-ның атқарушы органының Төрағасына және Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына хабарлайды;

d. Қоғамның/ЕТҰ-ның лауазымды тұлғалары Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына хабарлайды.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын бұзуға әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын тапсырмалар алынған жағдайда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің әрекет ету алгоритмі

24. Орындауға Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын бұзуға әкеп соғуы мүмкін және (немесе) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын тапсырма алынған жағдайда, лауазымды тұлға немесе қызметкер бұл туралы дереу, бірақ 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамның/ЕТҰ-ның жетекшілік ететін Басқарма мүшесіне және Қоғамның «Комплаенс» қызметіне/ЕТҰ-ның комплаенс функциясына, не бастамашылық хабарлау арналары арқылы хабарлауға міндетті, бұл кейіннен Қоғамның/ЕТҰ-ның басқару органының Төрағасына тапсырманы орындаудың негізділігі мен оны орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты жеткізу мақсатында жүзеге асырылады.